ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 желтоқсан №1112-24-00-2/4055 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.И.Нұрғалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ерейментау ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. келесім шартты бұзу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 144-147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Ерейментау ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және келесім шартты бұзу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Ерейментау ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы жасалған

құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы 2022 жылғы 26 қаңтардағы №2 үлгілік шартты бұзылсын.

Ерейментау ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы 2022 жылғы 26 қаңтарда жасалған құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №2 шартқа 19 тамыздағы №35 қосымша келісім шарт бұзылсын.

«Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекет пайдасына 5 538 (бес мың бес жүз отыз сегіз) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья **Г.И.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Г. И., 18.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Нұрғалиева Г. И., 28.01.2025